

**"Қазақстан Республикасының қорғаныс өнеркәсібін конверсиялау туралы"
Қазақстан Республикасы Заңын күшіне енгізу туралы**

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулысы 1993 жылғы 22 қазандағы
N 3900. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2004.01.12. N 521 Заңымен

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының қорғаныс өнеркәсібін конверсиялау туралы"
Қазақстан Республикасының Заңы 1994 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне
е н г і з і л с і н .

2. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті 1994 жылғы 1 қаңтарға
д е й і н :

Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін "Қазақстан
Республикасының Қорғаныс өнеркәсібін конверсиялау туралы" Қазақстан
Республикасы Заңына сәйкес келтірсін;

осы Заңның жүзеге асырылуын қамтамасыз ететін қажетті шешімдер
қ а б ы л д а с ы н ;

Қазақстан Республикасы министрліктерінің, ведомстволарының және басқа
да мемлекеттік орталық басқару органдарының "Қазақстан Республикасының
Қорғаныс өнеркәсібін конверсиялау туралы" Қазақстан
Республикасы Заңына қайшы келетін қалыпты құжаттары мен нұсқауларын
қайта қарауын және олардың күшін жоюын қамтамасыз етсін.

3. Осы Заңның орындалуына бақылау жасау Қазақстан Республикасы
Жоғарғы Кеңесінің Өнеркәсіпті, көлік пен байланысты дамыту мәселелері
жөніндегі комитетіне тапсырылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы